

## Қалалық қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға арналған тарифті саралау туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 3/438 қаулысы. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 шілдедегі № 3/410 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 22.07.2024 № 3/410 ( алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19 бабының 2-1 тармағына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифі төлем тәсіліне байланысты келесі мөлшерде саралансын:

жол ақысын ұялы байланыс операторының көрсетілетін қызметтері арқылы немесе көлік картасы немесе мобильді қосымша арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде – 100 теңге;

жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде – 200 теңге.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Е. Досаев*